

Біздің көмекші құралмыз.

(Варативті компонент)

Тақырыптық күнтізбелік жоспары

№	Ай	Тақырып	Мақсаты	сағат
1	Қыркүйек	«Edlaser» құрылымен танысу	Балалардың логикалық ойлауын, зейінін жинақтауды, есте сақтау қабілетін дамыту. Іс-әрекетті талдай білуді қалыптастырады.	2
2	Қазан	«Үй мен бақша»	Балалардың үй мен бақша туралы ұғымдарын қалыптастыру барысында ағаш құрастырғышты пайдалана отырып жұмыс жасау. Еңбек сүйгіштікке ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	2
3	Қараша	«Үй жануарлары»	Балаларға үй жануарлары туралы, олардың пайдасы маңызы туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір - бірінен ажыратуға, зейін қойып тыңдауға үйрету. Үй жануарларына байланысты тақпақтар сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құрастырғышты пайдалана отырып тұлпардың дене бөлшектерін құрастыру.	2
4	Желтоқсан	«Орман жануарлары»	Орман жануарлары туралы түсініктерін байыту. Оларды бір-бірінен ажырата білуге және дұрыс айтуға үйрету. Орман жануарлардың/аю, түлкі, қоян, кірпі/ сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету арқылы зейіндерін дамыту. Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, ойын арқылы эмоциялық сезімдерін дамыту. Олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсінітерін бекіту. тәрбиелеу. Құрастырғышты пайдалана отырып , аюдың дене бөлшектерін құрастыру.	2

5	Қаңтар	«Менің үйім»	«Менің үйім» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. Үй неше бөліктен тұрады, шатыр, кереге, терезе, есік, қылтима т.б бөліктерін дұрыс айтқызу. Құрастырғышты пайдалана отырып, қуыршақ үйді құрастыру.	2
6	Ақпан	«Сандық»	Үй жиһаздарының ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста пайдаланылуы, қажеттілігі туралы айтып беруге үйрету. Сандық неше бөлшектен тұратындығын айта отырып, қандай геометриялық пішінге ұқсайтындығын сұрау. Ағаш құрастырғыштан сандық құрастыру.	1
7	Ақпан	«Пішіндер»	Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды таба білуге, пішіні ұқсас заттарды топтай білуге, пішіндерден бейне құрастыра білуге, түстерін айта білуге үйрету. Құрастырғышты пайдалана отырып, қуыршақтың бейнесін құрастыру.	1
8	Наурыз	«Алып піл»	Балалардың сөздік қорларын молайту, пілдер туралы мағлұматтар беру, пілдің тіршілігімен таныстыру. Пілдің мұрны неге ұзын, ерекшелігін айту. тәрбиелеу. Құрастырғышты пайдалана отырып, пілдің дене бөлшектерін құрастыру.	1
9	Наурыз	«Менің жиһазым»	Үй жиһаздары туралы айта отырып олардың қажеттілігі жайлы білім беру. Үстел, орындықтар қандай геометриялық пішінге ұқсайтындығын сұрау. Құрастырғышты пайдалана отырып, үстел құрастыру.	1
10	Сәуір	«Менің жиһазым»	Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету. Жиһазды ұқыпты	1

			пайдалануға үйрету. Құрастырғышты пайдалана отырып, орындық құрастыру.	
11	Сәуір	«Қызықты математика»	Балаларға сан және санау, геометриялық пішіндерді еске түсіріп, қайталау, білімдерін пысықтау, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Тақтайшаның үстіне сандарды ретімен қойып шығу .	1
12	Мамыр	«Қызықты математика»	Балалардың қарапайым математикалық дағдыларын қалыптастыра отырып, сандар жайлы түсініктерін тереңдету, геометриялық пішіндерді тануға, тура және кері жаңылмай санауға ынталандырып, тапсырмалар арқылы ықпал ету. Тақтайшаның үстіне сандарды кері қою.	1
13	Мамыр	«Көліктер»	Көліктердің түрлерімен таныстыру. Ауада, суда жүретін көлік түрлерімен таныстыру. Адам өмірі мен еңбегінің жеңілдететін көліктің маңызын білуге үйрету. Құрастырғышты пайдаланып, жүк көлігінің бөлшектерін таныстыра отырып, оларды құрастыру.	1